

**К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ-нің  
«Қамқоршылық кеңесінің» отырысының**

**№ 1 хаттамасы**

Ақтоғай селосы

27- қыркүйек 2021 жыл

**Қатысқандар:**

Қамқоршылық кеңес төрайымы – Елеусізова Г.М.  
Мектеп директоры - Амралина Қ.А.  
Директордың тәрбие- ісі жөніндегі орынбасарлары  
комиссия мүшелері, әлеуметтік педагог.

**Күн тәртібінде:**

1.2021-2022 оқу жылындағы білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы  
ақпары

**Тыңдалды:** Айтбаева Н.Ж.- 2021-2022 оқу жылында 1-4 сынып аралығында 150 оқушы,  
жекелеген санатта 29 оқушы, барлығы 179 білім алушы тамақпен қамтылып отыр.  
Асхана жұмысының уақыты, асханада кезекшілік ететін әкімшілік тарапынан,  
мұғалімдерден құралған кезекшілік кестелері бар. Желдету, кварцтау кестелері бойынша  
асханада гигиеналық талаптар сақталынады.  
Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыру  
стандарты негізге алынып, Ақтоғай ауданының білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу  
жылындағы оқушыларды ыстық тамақпен қамту туралы 25.08.2021 ж. №1156 бұйрығы  
"Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар,  
санитарлық қағиаларын бекіту туралы ҚРДСМ 2021 жылғы 25 тамыздағы №36 қаулысы  
негізінде жұмысын жүргізуде. Білім беру ұйымы мен жалға алушы тараптары берілген  
талаптарды орындап жұмыс жасап отыр.  
Мектеп директорының 2021 ж. 1-қыркүйектегі №134 бұйрығына сәйкес тамақтандыруды  
ұйымдастыруға жауапты тұлғалар сайланып, жауапкершіліктер жүктелді, атап айтқанда  
асханада тамақтануды ұйымдастыру, бақылау Н.Айтбаеваға жүктелді. Мектеп медбиісі  
Ш.Нығметжановаға білім алушылардың тамақтану сапасы мен СанЕН талаптарын  
сақтау, ас бөлімінің санитариялық жай-күйін, ас блогына түсетін шикі әрі дайын тамақтың  
сапасы мен сақтау шарттарының, өткізу мерзімдерінің сақталуын, тағам салу және  
дайындау технологиясы нормаларын, дайын тағамды тарату нормаларын бақылау  
жүктелді. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарына ас блогындағы  
технологиялық жабдықтың ақаусыздығын үнемі бақылау міндеттелді. Осы бұйрықтың  
орындалысына мектеп директоры жауапты.

Сонымен қатар, ыстық тамақтың берілу жағдайын тексеріп, бақылау үшін арнайы бракераж комиссиясы құрылды. Бұл комиссияның құрамы мен жұмыс жоспары бекітілді, күнделікті, ай сайын жұмыстар жүргізіліп отыр.

Жалға алушы ДК «Метжанова» шектеу іс-шаралары бойынша талаптарды орындап отыр, атап айтқанда, асхана персоналының және асханамен байланысты қызметкерлердің «Ашық» қосымшасы арқылы тіркеліп кіруі және персоналдың маска режимін сақтауын қадағалап отыр. Құтылардың дезинфекциялық сұйықтықтармен қамтамасыз етілуі жалға алушы тарапынан қамтамасыз етіліп отыр.


**Сөз алды:** Елеусізова Г.М.- Қамқоршылық кеңес төрайымы- Осы оқу жылындағы білім алушыларды ыстық тамақпен қамту жөніндегі ақпар ауқымды болып, жан-жақты түсіндірілді. Бастауыш сыныптарының барлығы дерлік қамтылғаны өте жақсы болды. Былтырғы жылы 1-мен 2-ші сыныптар қамтылған болатын. Осы аталған құжаттар мен ережелерді басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды деген сенімдеміз.


**Шешімі:**


1. 2021-2022 оқу жылындағы білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі бойынша жасалған ақпар есепке алынсын.


Жұмыстың әрі қарай орындалысын қадағалау К.Байсейітова атындағы тірек мектебінің әлеуметтік педагогы Азимбаева Г-қа жүктелсін.


1. Елеусізова Г. Қамқоршылық кеңес төрайымы 


2. Тәжібаева Э – комиссия мүшесі /ІБ инспекторы 

3. Кәрімхан Қ- комиссия мүшесі /Жұмыспен қамту орталығы/ 


4. Кулатаева Ж- комиссия мүшесі/ата-ана/ 


5. Сыздықов Т.-комиссия мүшесі/зейнеткер/ 


6. Есенжолова Ж.-комиссия мүшесі /ата-ана/ 

7. Абилкасимов К.-комиссия мүшесі /зейнеткер/ 


8. .Отыншин Е. -комиссия мүшесі /ТОО «Берер» 

9. Абдикаримова Г-комиссия мүшесі /ата-ана/ 

10. Кейкибаева Н.-комиссия мүшесі/ата-ана/ 

11. Кишкентаева Ж.-комиссия мүшесі/ата-ана/ 

Хатшысы



Нукешева Ж.